



Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 1084 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1084 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде:

"21-218. "Бірыңғай есепке алу жүйесінің операторы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі." деген жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-222-жолмен толықтырылсын:

"21-222. "Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі."

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне" деген бөлімде:

"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитетіне" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 405-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"405. "Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі."

3. "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 269-жолдағы 5-бағанның 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"25) "Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

реттік нөмірі 270-жолдағы 5-бағанның 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"24) "Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

реттік нөмірі 280-жолдағы 5-бағанның 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

реттік нөмірі 294-жолдағы 5-бағанның 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) "Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

реттік нөмірі 301-жолдағы 5-бағанның 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

4. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 865 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Бірыңғай есепке алу жүйесінің операторы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі." деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Құмар ойындар мониторингі және талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ